

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 1051 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 тамыздағы N 782 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 29 сәуірдегі N 598 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 29 сәуірдегі N 598 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кейбір акционерлік қоғамдар - ұлттық компаниялардың директорлар кеңестерінің құрамдары туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 1051 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 32, 341-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

1-тармақта "Нәлібаев Әбдіхалық Зәкірұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының орынбасары" деген жол мынадай мазмұндағы "Лавриненко Юрий Иванович - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі" деген жолмен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

"Жабағиев Қожахан Көкірекбайұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Өндірістік сала және инфрақұрылым бөлімінің меңгерушісі, төраға;" деген жолда "төраға;" деген сөз алынып тасталсын;

"Оразбаев Бірлік Есіркепұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі;" деген жол ", төраға" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы "Дүкенбаев Кенжемұрат Дүкенбайұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі" деген жолмен толықтырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

"Нәлібаев Әбдіхалық Зәкірұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының орынбасары, төраға;" деген жол мынадай мазмұндағы "Айтжанов Дулат Нулиұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі;" деген жолмен ауыстырылсын;

"Жұмағалиев Асқар Қуанышұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі

комитеті төрағасының орынбасары;" деген жол мынадай мазмұндағы " Оразалинов Дулат Сұлтанұлы - Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары, төраға;" деген жолмен ауыстырылсын;

6 - тармақта :

"Өтембаев Ержан Әбілхайырұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары, төраға;" деген жол мынадай мазмұндағы " Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, төраға;" деген жолмен ауыстырылсын;

"Лавриненко Юрий Иванович - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі" деген жол мынадай мазмұндағы " Байдәулетов Нұржан Тәліпұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі;" деген жолмен ауыстырылсын;

"Нәлібаев Әбдіхалық Зәкірұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының орынбасары;" деген жол мынадай мазмұндағы "Жабағиев Қожахан Көкірекбайұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Өндірістік сала және инфрақұрылым бөлімінің меңгерушісі;" деген жолмен ауыстырылсын;

"Тоқсейітов Рақымберген Құманғалиұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі;" деген жол мынадай мазмұндағы "Исекешев Әсет Өрентайұлы - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі;" деген жолмен ауыстырылсын;

9 - тармақта :

"Жандосов Ораз Әлиұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, төраға;" деген жол мынадай мазмұндағы "Өзбеков Ғани Нұрмұханбетұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі;" деген жолмен ауыстырылсын;

"Нығматулин Нұрлан Зайроллаұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі;" деген жол ", төраға;" деген сөзбен толықтырылсын;

10-тармақта "Метте Виталий Леонидович - "Қазақстан-инжиниринг" ұлттық компаниясы" ААҚ-тың президенті" деген жол мынадай мазмұндағы "Оразбақов Ғалым Избасарұлы - "Қазақстан-инжиниринг" ұлттық компаниясы" ААҚ-тың президенті" деген жолмен ауыстырылсын;

11-тармақта "Есқалиев Ерхат Серікұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Департамент директорының орынбасары;" және "Мұқанов Елтай Жанәбілұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Департамент директорының орынбасары;" деген жолдар алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

2 - т а р м а қ т а :

"Нәлібаев Әбдіхалық Зәкірұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының орынбасары;" деген жол мынадай мазмұндағы "Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі;" деген жолмен ауыстырылсын;

"Нығматулин Нұрлан Зайроллаұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі" деген жол мынадай мазмұндағы "Жұмағалиев Асқар Қуанышұлы - Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары;" деген жолмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі